

РАМАЗАН - *нұр шапқан ай!*



Қазақстан мұсылмандары
Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ





ББК 86.38
Д 33

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ САРАПТАУ
КОМИССИЯСЫ МАҚҰЛДАҒАН

ДЕРБІСӘЛІ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ

Д 33 Рамазан - нұр шашқан ай, - Алматы:
«Көкжиек-Б» баспасы, 2008. - 52 бет

ISBN 9965-809-38-0


Бұл шағын кітапша халыққа қасиетті
рамазан айында ораза ұстаудың мән-
мағынасы мен ретін үйретуге негізделген.

Ораза жайлы кең мәліметтерді қамтитын
кітапша қалың жұртшылыққа арналған.

ББК 86.38

ISBN 9965-809-38-0

© «Көкжиек» баспасы, 2008



Кіріспе

Рамазан – сағына күтіп, қимай қоштасатын, Құран Көрімнің асыл аяттары түсе бастаған мұсылман жұртшылығының қасиетті айы.

Рамазан – өзінің ішкі жан-дүниесімен сыр бөлісіп, пенденің шын ықыласпен тәубаға келу айы. Бұл айда Аллаһтың рақымынан үміт ете отырып ауыз бекітіп, құлшылық жасаған адамның тәубесі қабыл болып, жапырақтары төгілген күзгі ағаштай күнеларынан арылады.

Бұл айдағы ауызашар мен сәресінің берекесі тіптен айтып жеткізгісіз. Адам жанына сергектік сыйлап, жүрегін жылылыққа бөлейтін бұл қасиетті кезең кісіні барша нашар қылықтардан: кісімсуден, даңдайсудан, тәкаппарлықтан алшақтатады. Барынша кішіпейілдікке баулиды. Күллі жаратылыс атаулының ішінде адам баласының ең ардақты екендігіне баршамыздың көзімізді жеткізіп, соған шүкір ете білуге үйретеді. Мүмин кісі бұл айда күнелардан бойын аулақ ұстап, жақсылықты көбірек жасауға ұмтылады. Өйткені, бұл – тамұқ есіктері жабылып, жұмақ есіктерінің айқара ашылатын, шайтан атаулының ауыздықталатын айы. Бар ынтасымен ауыз бекітіп, жан дүниесін айнадай жарқыратып ұстаған адамды қанша азғырғанмен дегенін істете алмай бұл айда шайтанның дымы құриды. Себебі, ораза мүминді барша күне атаулыдан сақтайды.

Таңның атысы кештің батысына дейін нәр татпай ғана қоймай, мұнымен қоса түрлі жамандықтардан бойын тыя білу – нәпсіні тәрбиелеуде үлкен мектеп екені даусыз. Ал күні

бойғы нәпсімен арпалысқан күрестің есесіне кешке сізді мол сауап, ерекше ләззатты сәттердің күтіп тұруы өз алдына бір ғанибет.

Баса айта кетер тағы бір жайт, жаратушы Жаббар Ие ешқашан да пенделерінің оразасы мен құлшылығына мұқтаж емес, қайта пенделер өздерін жаман қылықтардан арылтуда әрі о екі дүниеде де жақсылыққа кенелуде құлшылық жасауға көбірек мұқтаж.

Ораза бір жағынан адамның өз-өзіне есеп беруі іспетті. Ол – иләһи сырларды түйсінудің құтты кеңістігі. Рамазанның аспаны қай кезде де берекелі ақ нәсерін төгуге дайын рақым бұлттарына толы. Оның сұлу тамшылары кенезесі кепкендердің таңдайын жібітіп, шөлін басады.

Рамазан – жығылғанды демеп, жылағанды жұбататын, мұң-мұқтаждардың қабағын кірбіңнен арылтатын шынайы жанашырлықтың айы. Бұл айда жақсылық көрген жетім-жесірлердің жүзі жадырап, ғаріп-міскіндердің арқа-басы бір кеңейіп қалады. Жыл сайын Рамазан айын қуана қарсы алып, айналамызға нұр шұғыласын шашқан қасиетті кештердің, құлақ құрышын қандыратын азанның, сәресідегі тәттіліктің, ауызашардағы ләззатты, тарауих намазына деген ынтаны көрген балалар да бұл айдың ерекшелігін сезеді. Олар үшін әрбір Рамазан айы ұмытылмас балалықтың бал сезімдерімен есте қалады.

Рамазан – өзінің әлсіз, әлжуаз екенін мойындап, құлшылық арқылы қуат алғысы келетін әрі бойындағы «тау тасынан кем емес» сансыз мінін жоюға тырысқан рухани науқас құлдың дертін емдейтін мейірімді дәрігер іспетті.

Рамазан айы күн шапағындай әр тарапқа шуағын төге отырып, адамды ізгілік пен қайырымдылық әлеміне шақырып, бауырмашылдықпен өмір сүруге үндейді. Әр жылғы оразасын үзбей ұстап, бір ай тақуалықтың мектебінен өтіп, ғұмырына мән сыйлаған Жаратқанның адал құлдарын ақыретте күтіп тұрған сый қаншалықты зор десеңізші!

Ендеше, барлықтарыңызды қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтап, ниеттеріңіз қабыл болсын демекпіз. Жүздеріңіздегі нұр, жүректеріңіздегі иман арта берсін! Аллаһ Тағала барлығымызға сауаптан жазғай!



Ораза деген не?

Араб тіліндегі «саум» (ораза) сөзінің мағынасы «бір нәрседен алшақ тұру, адамның өзін тізгіндей білуі және жол бермеу» деген мағыналарды білдіреді. Оразаның терминдік мағынасы – арнайы ниет ете отырып таңның атысынан кештің батысына дейін ішіп-жеуден, нәпсі қалауларынан тыйылу. Ораза құлшылығы Мәдина кезеңінде, хижраның екінші жылы мұсылмандарға парыз етіп бекітілген.

Оразаның парыз етілуінің Құрандағы дәлелдері

Ораза ұстау – Құран Кәрімде және Пайғамбарымыздың (саллаһу алайхи уә сәллам) хадис шәріптерінде нақты бекітілген бес парыздың бірі. Құранда: **«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді»**,¹ делінген. Тағы бір аятта: **«Сендердің араларыңда кімде-кім Рамазан айының туғанын көрсе, сол күні ораза ұстасын. Сырқат немесе**

«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді»

Бақара сүресі.

¹ Бақара, 183

жолаушылар ораза айында ұстай алмаған күндерін басқа күндері ұстасын»² – деп көрсетілген.

Оразаның уақыты: Таңның атуынан күннің батуына дейінгі аралық. Ол Құранда былай білдірілген: **«Таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) ажыратылғанға дейін ішіңдер, жеңдер, сосын оразаны кешке дейін ұстаңдар»³.**

Сүннеттегі дәлелдері

Пайғамбарымыз (саллаһу алайһи уә сәллам) оразаның парызы етілуіне байланысты: **«Ислам мына бес нәрсеге негізделген: Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екеніне және Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, Рамазан айында ораза ұстау және шамасы келгендердің қажылыққа баруы»**,⁴ – деген. Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): **«Жаңа туған айды көрген кезде ораза ұстаңдар, екінші жаңа туған айды көрген кезде оразаларыңды тоқтатыңдар. Егер аспан бұлтты болса, Шағбан айын отызға толықтырыңдар»**,⁵ – деген.

Басқа діндердегі ораза

Оразаның басқа діндерде де кездесуі жоғарыда келтірілген Құран аятының ақиқаттығын растай түседі. Аятта: **«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парызы етілгендей тақуалыққа жетуде ораза сендерге де парызы етілді»** делінген. Діндер тарихына көз жіберсек, исламға дейінгі діндерде де оразаға ұқсас құлшылық түрінің болғанын байқаймыз. Мысалы, кельттердің ораза ұстағандығы, көне мексикалықтардың, перулықтардың, вавилондықтардың және ассириялықтардың оразаға ерекше мән бергендіктері айтылады. Сонымен қатар иудаизм мен христиандықта, индуизм, брахманизм, жаинизм және т.б. діндерде де уақыты, мақсаты мен формасы жағынан әр түрлі болса да ауыз бекітудің құлшылық ретінде орындалғанын көреміз. Яғни, бұл

² Бақара, 185

³ Бақара, 187

⁴ Бухари, Иман 1; Муслим, Иман 20; Тирмизи, Иман 3

⁵ Бухари, Саум, 5; Муслим, Сиям, 4

Жаратушы парыз қылып міндеттеген оразаның – адам баласын тақуалыққа, кемелдікке жеткізіп, рухани әлемнің сырларын бойлауға бастайтын ерекше құлшылық екендігінің дәлелі.

Пайғамбарымыздың оразаны түсіндіруі

Құлшылықтың пайдалары мен ерекшеліктерін жан-жақты түсіндірген Ардақты пайғамбарымыз (саллаһу алайһи уә сәллам) үмбетін де соны орындауға ынталандырған.

Әбу Һұрайра риуаят еткен бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Аллаһ Тағаланың былай деп бұйырғанын жеткізген:

«Адам баласының барлық амалы өзі үшін жазылады. Алайда оразаның жөні бөлек. Оның қарымын тек Мен беремін. Өйткені ол тек менің разылығым үшін ішіп-жеуден бас тартты. Ораза ұстаған адамның екі қуанышты сәті бар: біреуі ауызашар уақыты, екіншісі Аллаһ Тағаламен қауышар сәті. Ораза ұстаған адамның аузынан шыққан иіс Мен үшін жұпар иісті мисктен артық»⁶.

Аллаһтың разылығы үшін аштықтың тауқыметін тартып бұл дүниеде қиналған адам о дүниеде шексіз рақымға бөленбек.

Мына бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Әр нәрсенің өз зекеті бар. Тәннің зекеті – ораза ұстау. Ораза – сабырдың жартысы»⁷* – деу арқылы құлшылық жасауда сабырлы болуға шақырады. Ораза бір жағы күнә жасамауда сабырлы болуға, екінші жағы ғибадат жасауда шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Оразаның теңдессіз құлшылық екендігі жайлы Әбу Үмәма (р.а.) былай дейді:

⁶ Бухари, Саум, 2; Муслим, Сиям, 152

⁷ Ибн Маже, Сиям 44

«Пайғамбарымыздан жақсы бір амал сұрадым. Ол маған «Ораза ұста, өйткені, оған тең келер құлшылық жоқ», – деді. Мен екі-үш рет қайталап сұрасам да «Ораза ұста, оған тең келер құлшылық жоқ», – деген жауабынан танбады»⁸.

Оразаның сауабына байланысты басқа хадистерінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Кімде-кімді ораза ішіп-жеуден тыйса, Аллаһ Тағала оған Жұмақ жемістерінен жегізіп, Жұмақ бұлақтарынан ішкізеді»⁹, «Жұмақта «Райһан» деп аталатын есік бар, ол есіктен тек ораза ұстағандар ғана кіре алады»,¹⁰ – деу арқылы ораза ұстаушылардың Жәннатта арнайы құрметке бөленетінін сүйіншілеп жеткізген.*

Ардақты елші (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) басқа да хадистерінде: *«Ораза ұстаған жанның жегені адал болса, ақыретте есепке тартылмайды»¹¹;*

«Ораза ұстағанның ұйқысы – ғибадат, үндемегені – (Аллаһқа айтылған) мадақ! Жақсылықтары мен ғибадаттарына еселеп сауап жазылады. Оның дұғасы қабыл етіліп, күнәлары кешіріледі»;

«Рамазан айына жете тұрып, Аллаһ Тағаланың рақымы мен кешірімінен мақұрым қалған адамның жағдайы қандай өкінішті»¹² – деп, мұсылмандарды рақым нұры төгілген бұл айдың берекетінен мақұрым қалмауға шақырған.

Сүйікті Пайғамбарымыздың тағы бір хадисінде кім бұл дүниеде ораза ұстаса, ақыратте ол адамға ұстаған оразасының кешірім тілеп шапағат ететіні айтылған:

«Ораза – ауыз бекіткен жанға Қиямет күні шапағат етеді. Сол күні ораза Хақ Тағалаға «Уа, Раббым! Мен оны күндізгі барша ішіп-жеу, ләззат атаулыдан тыйдым. Сол себепті, оған деген шапағатымды қабыл ала гәр!» деп тілек тілейді. Аллаһ Тағала оразаның бұл тілегін қабыл алып, оның шапағат етуіне рұқсат етеді»¹³.

⁸ Нәсаи, Сиям, 43

⁹ Әл-Хунди, Кәнзул-Ұммал, 3/328

¹⁰ Ибни Мәжа, Сиям, 1

¹¹ әл-Хунди, Кәнзул-Ұммал, 3/328

¹² Тирмизи, Даауат, 100

¹³ әл-Мүнзири, өт-Тарғиб, 2/84

ОРАЗА ТУРАЛЫ ҰЛЫ КІСІЛЕРДІҢ АЙТҚАНДАРЫ:

«Жеті нәрседен жақсылық күтпеңіз: ықылас-сыз оқылған намаздан, нашар қылықтардан тыйылып ұстамаған оразадан, селқос оқыған Құраннан, күнәларды тыймаған ғибадаттан, қайырымы жоқ байлықтан, адал емес амал достықтан, ықыласпен жасалмаған дұғадан»

Хазірет Әли

«Өмір бойы ораза ұстап, түндерімді ғибадатпен өткізсем де, байлығымды оңды-солды дін жолында таратсам да егер Аллаһқа бағынған құлдарды жақсы көріп, бағынбағандарын жек көрмесем, бұл істегендерімнің ешқайсысының пайдасын көре алмаймын»

Абдуллаһ ибн Омар

«Ғибадат егер құс болса, оның қос қанаты ораза мен намаз болары күмәнсіз»

Яхия ибн Муаз

«Мүмин сыбызғы тәрізді, іші бос болса ғана дыбысы жақсы шығады»

Әбу Талиб и Мәкки

«Ораза ауызды бекіту арқылы жүрек көзінің ашылуына көп көмегін тигізеді. Рух көзін ашу дененің қуатын бәсеңдету арқылы жүзеге асады. Жүрек көзі соқыр жандарды ешқандай құлшылық нұрландыра алмайды».

Жәлаладдин Руми (Мәулана)

ОРАЗАНЫ НЕ ҮШІН ҰСТАЙМЫЗ?

Оразаның жеке адамға да, қоғам үшін де пайдасы көп. Алайда, кез-келген ғибадат тәрізді мұсылман адам ниетін таза ұстап, оразаны Аллаһ

Тағаланың бұйырғаны үшін ғана ұстайды. Хазірет Әли (р.а.) бұл жөнінде: «Пайдаға бола жасалған ғибадат – саудагердің ғибадаты. Үреймен жасалған құлшылық – құлдың ғибадаты. Аллаһ Тағаланың жақсылықтарына шүкіршілік ету мақсатында орындалған құлшылық – нағыз ерікті адамның ғибадаты»¹⁴ деген екен. Иә, құлшылықтың бұл түрінің Жаратушының өмірі екендігін жете түсініп, кіршіксіз адал ниетпен ұсталған оразаның адам баласына тигізер пайдасы мол.



Сәресіге тұрмай-ақ ораза ұстауға бола ма?

Сәресі – таң әлі атпай тұрып түннің соңғы мезгілінде ішілетін ас. Аллаһтың елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бір хадисінде сәресіде берекеттің бар екенін, сәресіге тұрғандар үшін періштелердің дұға ететінін: *«Сәресіде берекет бар. Бір жұтым су ішсең де оны үзбе. Өйткені Аллаһ Тағала мен періштелер сәресіге тұрғандарға жақсылық тілейді»*¹⁵ – деп білдірген.

Сәресі – ең берекелі уақыт. Ол – дұға, намаз оқып, Құран қабыл болатын сәт. Бұған қоса сәресі асын ішу күні бойы ұстайтын оразаның қиындығын жеңілдетіп, басқа да құлшылықтарды орындауға күш береді. Сәресінің уақытын кешіктіріңкіреп, таң намазының уақытының кіруіне аз қалғанда жеген абзал. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл мәселеге қатысты: *«Ауыз ашуға асығып, сәресіні кешік-*

¹⁴ Али әл-Қари, Мирқатул-мафатих, 2\135

¹⁵ Ахмад б. Ханбал, Муснад, 3/12, 32,44,99

ОРАЗАНЫҢ НИЕТІ:

«Аллаһ разылығы үшін таңнан күн батқанға дейін мұбарак рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім» деп әр күн үшін арнайы ниет ету керек.

терген уақытта үмбетім әрдайым жақсылықта»,¹⁶ – деген. Аштыққа шыдау кей кісілер үшін қиынға соғатынын ескерсек, ауыз ашуға асығып, ауыз бекітуге асықпауға болатынын білдіруі үмбетіне деген Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) мейірімділігінен туғанын аңғарамыз. Сәресіні таң намазына дейін кешіктіру таң намазын жіберіп алмауға жасалған сақтық екені де белгілі.

Оразаның дұрыс орындалу шарттары

1. Хайыз бен нифастан таза болу: Хайыз бен нифас (етеккір, бала босанған әйелдің жатырынан қан келу кезі) жағдайындағы әйелдер уақыты өткеннен кейін оразаның қазасын өтейді. Адамның түнде немесе күндіз жүніп күйінде болуы, ораза ұстауына кедергі емес. Бірақ, мүмкіндігіне қарай ауыз бекітпес бұрын ғұсыл алу – абзал.

2. Ниет: Барлық оразаға жүрекпен ниет ету жеткілікті. Бір адам түн жарымында ертеңгі күннің ораза екенін біліп, бұл айда ораза ұстайтынын жүрегімен сезсе немесе сәреге тұрса, бұл ісі ораза ұстауға ниет саналады.

Барлық оразаға түнде немесе таң уақыты кірмей тұрып ниет ету – абзал. Рамазан оразасына ниет етерде әрбір күніне жеке-жеке ниет ету шарт. Себебі, әрқайсысы өз алдына жеке ғибадат. Бұл – ғалымдардың басым көпшілігінің пікірі.

¹⁶ Әбу Дәуд, Саум, 21; Ахмад б. Ханбал, Муснад, 2/450



Ораза ұстағандар үшін ұнамды (мұстахап) нәрселер

Ауыз бекіткен кісілердің төмендегі істерді жасауы мұстахап (жөн іс) .

1. Бір жұтым су ішсе де сәресіге тұру. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл тұрғыда: *«Сәресіге тұрыңдар. Өйткені, сәресінің тамағында берекет бар»*.¹⁷ Басқа бір хадисінде: *«Сәресі тамағы – берекет. Бір жұтым су да болса, оны тастамаңдар. Өйткені, сәресіде тамақтанғандарға Аллаһ рақым етіп, оларға періштелер кешірім тілейді»*,¹⁸ – дейді.

Екінші шапақ атқанға дейін сәресіні кешіктіру – мұстахап. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) *«Үмбетім ауыз ашарда асығып, сәресіні кешіктірген уақытта әрқашан жақсылықта»*,¹⁹ - деген.

2. Ақшам намазынан бұрын ауыз ашу. Намазда адамның көңілі ауыз ашуға ауып тұратындықтан, ауыз ашуға асығу – мұстахап. Бұған жоғарыда айтылған хадис куә. Сонымен қатар, ауызды құрма немесе сумен ашу – сүннет. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) осылай ашқан.

3. Аузы берік жандармен бірге ауыз ашу және жоқ-жітіктерге қарасып, кедейлерге қол ұшын беру – мұстахап. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дейді: *«Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген кісі – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Аузы берік адамның сауабынан да еш нәрсе кемімейді»*²⁰.

¹⁷ Бухари, Саум, 20

¹⁸ Ахмед ибн Ханбәл, III, 44

¹⁹ Бухари, Саум, 45

²⁰ Тирмизи, Саум, 82; Ибн Мажә, Сиям, 48

«Небір ораза ұстағандар бар. Олардың оразасында құр шөлдеу мен аштықтан басқа ешқандай пайда жоқ. Небір түнде тұрып, нәпіл ғибадат еткендер бар. Бірақ, онысымен ұйқысыздықтан басқа ешқандай табыс таппайды»

Хадис

4. Таң уақыты кірмей жүніптік, хайыз және нифастан (етеккір) тазалану: Мұндағы мақсат – оразаны таза бастау. Бірақ, аузы берік күйде жуынуға да болатынын ескерте кетейік. Мұндай кезде судың тамаққа кетіп қалмауын қатты қадағалау керек. Әйелдің хайыз яки нифас мерзімі түнде аяқталып, оразаға ниет етсе және де жүніп кісі жуынбай ораза ұстаса, оразасы жарамды. Бірақ алғашқы мүмкіндікте ғұсыл алғаны жөн.

5. Аузы берік адамның жақсы сөздер сөйлеуі, бос сөз бен орынсыз іс-қимылдардан бойын аулақ ұстап байсалдылық танытуы – мұстахап. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дейді: *«Жалған сөйлеу мен жалған әрекет етуді қоймаған адамның ішіп-жеуді ғана доғаруы Аллаһқа қажет емес»*²¹. Басқа бір хадисінде: *«Небір ораза ұстағандар бар. Олардың оразасында құр шөлдеу мен аштықтан басқа ешқандай пайда жоқ. Небір түнде тұрып, нәпіл ғибадат еткендер бар. Бірақ, онысымен ұйқысыздықтан басқа ешқандай табыс таппайды»*,²² – деген. Сонымен қатар Рамазанда «Мен оразамын» деу – сүннет. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дейді: *«Кімде-кім аузы берік болса, жаман сөз сөйлемесін. Дауыс көтеріп, айқай шығармасын. Біреу оған тіл тигізсе немесе онымен керіскісі келсе оған: «Мен оразамын» десін»*.²³

6. Аузы берік адам бос уақыттарын нәпіл ғибадаттармен, ғылыммен, Құран оқумен, зікір, салауат айтумен өткізу керек. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Рамазанда *«Жәбірейіл екеуі бір-біріне кезекпе-кезек Құран оқытып, тыңдасатын»*²⁴.

²¹ Ахмед ибн Ханбәл, VI, 34

²² Ибн Мажә, Сиям, 21

²³ Бухари, Саум, 2

²⁴ Бухари, Бәдул-Уахи, 5

7. Жалпы Рамазан айының ең соңғы он күнінде иғтиқафқа (мешітте болып, құлшылыққа берілу) кіру – сүннет. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Рамазанның ең соңғы он күнінде көп ғидабат жасайтын²⁵.

Аузы берік кісіге мәкрүһ және мәкрүһ емес нәрселер

1. Себепсіз бір нәрсенің дәмін тату немесе шайнау – мәкрүһ (тыйым салынады). Бұл оразаның бұзылуына себеп болуы мүмкін. Бірақ, көп кісіге пісірілген тамақтың дәмін қадағалау үшін, тамақтың дәмін көріп, түкіріп тастауға болады. Дәмін татқан уақытта тамаққа кетпеуі шарт.

2. Дәрет алған кезде аузына, мұрнына суды көп тарту – мәкрүһ.

3. Шайналып тәттісі кеткен ақ сағызды шайнау – мәкрүһ. Ал, жаңасын шайнауға мүлдем болмайды.

4. Аузы берік адам әлсіреп өзін сақтай алмайтындай болса, қан алдыруы – мәкрүһ. Егер көтере алса, мәкрүһ емес. Ең жақсысы, күн батқан соң қан алдыру.

5. Рамазанда қатты ыстықтап салқындау үшін ауыз бен мұрынды сулау және суық сумен жуыну – Әбу Юсуф бойынша мәкрүһ емес. Өйткені, мұндай уақытта адамға жеңілдік туады. Фәтуа осы үкімге берілген.

6. Өзіне сене алмаған аузы берік адамның әйелін сүйу – мәкрүһ. Өзіне сенсе, мәкрүһ емес. Хадисте Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) зайыбын сүйгені және әзілдегені жайлы айтылады²⁶.

7. Аузы берік жанның гүл мен өтір секілділерді иіскеуі және сүрме жағуы – мәкрүһ емес.

Ораза бұзылғанда қазасы ғана өтелетін жағдайлар

Қателесіп, бір нәрсе ішіп-жеу оразаны бұзады. Яғни бір адам ораза екенін біле тұрып, қателесіп бір нәрсе ішіп-жесе, оразасы бұзылады. Мысалы, дәрет алып жатқан кезде

²⁵ Муслим, Итиқад, 8

²⁶ Ибну Мажә, Сиям, 19

байқаусызда тамағына су кетіп қалса, қарды аузына салып, ол тамағынан өтсе, оразасы бұзылады. Қазасы өтеледі. Егер де ораза екенін ұмытып істесе, ораза бұзылмайды.

Ұмытып бір нәрсе ішіп-жеу немесе ұмытып ерлі-зайыптылардың бір-біріне жақындауымен ораза бұзылмайды. Өзінің ораза екенін білмей бір нәрсе жеген адамның есіне ораза екендігін салмау – мәкрүһ. Егер өте әлсіз, кәрі біреу болса, есіне салмау абзал. Сол секілді өздігінен іштен келген ауыз толмаған құсық өздігінен қайта кері қайтса, ораза бұзылмайды. Алайда, өздігінен жұтылмай оны жұтса, ораза бұзылады. Және аузы берік адам өз қалауымен ауыз толтырып құсса, ораза бұзылады. Өйткені, бұл дәретті бұзумен қатар, аз немесе көбі ішке қайта кетеді. Бұның қазасы керек. Яғни, мейлі аз, мейлі көп, әдейі ішке құсық жұтылған кезде ораза бұзылады.

Ауыз толы құсық қақырық болса, Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммед бойынша, оразаға ешқандай зиян тигізбейді. Жоғарыдағы мәселелерге мына хадис дәлел: *«Аузы берік адам құсқысы келіп, өзіне ие бола алмаса, оған қазасын өтеу міндетті емес. Өз қалауымен құсатын болса, оразасын қаза етсін»*.²⁷

Жеуге жарамайтын нәрселердің тамақтан өтуі оразаны бұзбайды. Мысалы, ауаға жайылған түтін, шаң оразаны бұзбайды. Көз бен құлаққа сұйық дәрі тамызса, ораза бұзылмайды. Ал, мұрынға тамызылса, бұзылады. Қазасы өтеледі.

Ине салдыру оразаны бұза ма?

Ине ектірудің оразаны бұзып-бұзбауына байланысты кейінгі Ханафи ғұламалары арасында екі түрлі үкім бар. Бұл үкімдер Әбу Ханифа және оның шәкірттері: Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің денеге кірген пышақ секілді т.б. қатты заттардың қалдырған дене жарақатына дәрі май жағудың оразаны бұзып-бұзбайтындығы төңірегіндегі фәтуларын негізге ала отырып анықталған. Айталық,

²⁷ Әбу Дәуд, Саум, 33; Тирмизи, Саум, 24

А) Әбу Ханифаның «терең жараға жағылған дәрілік майдың оразаны бұзатындығы» жайлы пікірін негізге алған ғалымдар, ине арқылы тамырмен денеге бір нәрсенің тарайтындығын алға тартып, ораза бұзылады деген. Қоректік жағы да тудырғанмен, қабылданған ондай заттың денені күшейтетіндігі белгілі.

Ендеше, дәрі мейлі ауызбен ішілсе де, инемен қабылданса да, кәффаратты қажет етпейді, бірақ оразаны бұзады және қазасы өтеледі. Дәрі ішкен я болмаса ине ектірген адам не сол күні ораза ұстамауы, не дәрі мен инені сәресі мен ауызашар уақыттарына қалдырғаны жөн.

Ә) Ал Әбу Ханифаның шәкірттері Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің «терең жараға жағылған дәрілік май оразаны бұзбайды» деген пікірін негізге алған ғалымдар, ине ектірудің оразаны бұзбайтындығын айтқан. Өйткені, азық табиғи жолмен бармағандықтан, ол қоректің қарынға не миға жетуі аса маңызды емес. Сол себепті, бұндай жағдайда ораза бұзылмайды. 1948 жылы Өзхар университетінің Фәтуа Комиссиясы табиғи ойықтардан денеге өткен нәрсенің оразаны бұзбайтындығы жөнінде фәтуа берген. Өйткені, бұл емдік тәсілінің ауызға дәрі салып жұтуға ұқсамайтындығы анық. Сондай-ақ, демікпе не тыныс жүйелерінде ақауы барлар да ауызға дәрі шашыратса, ол өкпеден өтіп, асқазанға жетпейтіндіктен оразаны бұзбайтындығы алға тартылған. Кейбір аурулардан қорғану мақсатында ине ектіру де оразаны бұзбайды. Өйткені, бұндай жағдайда денеге қорек алу көзделмейді делінуде. Бірақ, қоректену мақсатында денеге қуат беретін арнайы гемоглобин секілді нәрселерді ине арқылы қабылдау оразаны бұзады.



Жоғарыдағы қай пікірді таңдаса да, ұстанса да негізгі жауапкершілік таңдаушыға тән. Негізі, дініміз сырқаттанған немесе ем қабылдап жүрген кісілердің ораза ұстамауына рұқсат еткен. Сондықтан емдікке дәрі ішіп не ине қабылдап жүрген адамның жақсы емделіп, болашақта құлшылықтарын үлкен ықыласпен атқаруы мақсатында Рамазан кезінде ораза ұстамауына болады. Бұл – өздері шешетін мәселе.

Ал, ауырса да көпшілікпен бірге ораза ұстап, Рамазан айының қасиетінен құр қалғысы келмеген кісі екінші топтағы фикһ ғалымдарының пікіріне сүйеніп, ораза кезінде ине қабылдай беруіне болады.²⁸

Оразаны не бұзбайды?

1. Ұмытып ішіп-жеу не білмей жыныстық қатынаста болу. Ұмытып істелген бұл істер оразаны бұзбайды. Ұмытқан адам есіне түскен кезде дереу тоқтатуы керек. Ал егер ішкен я жеген кісі күш-қуаты жоқ әлсіз не жасы үлкен кәрі адам болса, онда ол кісіге тоқтау айтпаған жөн. Өйткені Аллаһ Тағала әлсіз кісілерге мейірімділік жасап, ораза екенін ұмыттырып, ішкізіп-жегізуде. Ал ұмытып ішіп-жеген адам егер қайратты, жас азамат болса оған ораза екенін ескерткен дұрыс.

2. Ұйқыдан жүніп болып ояну.

3. Әйелін сүю немесе денесіне қолын тигізуі. Мұндай жағдайларда егер мәни шықпаса, ораза бұзылмайды.

4. Әйеліне қолын тигізбесе де оған қараудан немесе шәһуәтын қоздыратын жағдайларды ойлап мәни шықса.

5. Түнде жүніп болып, ғұсыл алуды сәресі уақытынан кейінге қалдыру

6. Аузына келген қақырықты жұту

7. Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі

8. Құлаққа су кіру, бұлық ағу

9. Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, оразаға зиян бермейді. Бірақ бұларды әдейі ішіне тартса, ораза бұзылады.

10. Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан

²⁸ М.Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, Б. 270.

кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды. Ал ноқат көлемінен үлкен болса ораза бұзылады.

11. Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды.

12. Қан алдыру немесе сүлік салдыру

13. Көзге, құлаққа дәрі тамызу

14. Мисуак немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу.

15. Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт.

16. Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет.

17. Жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қою қаупі болғандықтан түспегені абзал.

Ораза ұстай алмайтындардың жағдайы...

Ораза ұстауға шамасы келмеген жандарға фидия беру – уәжіп. Бұлар ауруларының айығуы үміт етілмеген жандар мен ораза ұстауға шамасы жетпеген қарт кісілер. Олар оразаның орнына әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандырады. Немесе пітірді ақшалай береді. Құранда Аллаһ Тағала: **«Ораза ұстауға шамасы келмейтіндер бір жарлының тамағын төлесін»**,²⁹– дейді. Ибн Аббас бұл аят жайлы былай дейді: «Аят – кәрі адамдар үшін түскен. Оразаны өтеу – парыз». Дегенмен кейбір қариялар жоқ-жітікті тамақтандыруға шамасы келмесе, Аллаһтан кешірім тілейді. **«Аллаһ адамға көтере алмайтын жүкті бермейді»**³⁰.

Сол секілді жазылмайтын науқасқа да пітірдің уәжіп болғаны жайлы ислам ғалымдары арасында ауызбірлік бар. Мұндай адамға ораза ұстау парыз емес. Аят дәлел: **«Аллаһ сендерге дінде қиыншылық жасаған емес»**³¹.

²⁹ Бақара, 184, Бақара, 186

³⁰ Бақара, 186, Хаж, 78

³¹ Хаж, 78, Мұхаммед, 33



*«Ораза ұстауға шамасы келмейтіндер бір
жарлының тамағын төлесін»*

Бақара сүресі

Ораза кәффараты (өтеуі)

Кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқ-жітікті тамақтандыруы керек. Құранда бұл жайлы: **«Бастаған ізгі істеріңді бұзбаңдар»**³² – делінеді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): **«Кімде-кім Рамазанда оразасын бұзса, оған зияр жасаған адамға тиісті (кәффарат) жүктеледі»**, – дейді Бірақ, Рамазан оразасынан тыс оразаларға тек қана қаза керек.

Кәффарат және қаза деген не?

Қаза: Бұзылған оразаның күніне күн ораза ұстау.
Кәффарат: Кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз бір күн оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқ-жітікті тамақтандыруы тиіс. Бірақ Рамазан оразасынан тыс оразаларда тек қана қазасы өтеледі.

³² Мұхаммед, 33

Құранда бұл жайлы былай делінеді: «Бастаған ізгі істерінді бұзбаңдар»³³.

Ораза кәффараты Пайғамбарымыз бен бір сахабаның арасында болған жағдайдан туындаған.

Сахабалардың біреуі «құрыдым» деп Пайғамбарымызға келіп, ораза айында күндіз әйелімен жыныстық қатынаста болғандығын айтады. Бұған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) былай дейді:

– Құлды азат етуге жағдайың жете ме?

– Жоқ.

– Қатарынан екі ай ораза тұта аласың ба?

– Жоқ. Онсыз да осы оразаға сабырым жетпегендіктен осы жағдайға ұшырадым.

– Алпыс кедейді тамақтандыратын жағдайың бар ма?

– Жоқ.

Осы уақытта пайғамбарымызға бір жәшік құрма әкелінеді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл құрманы түгелімен әлгі адамға беріп, кедейлерге таратуын табыстайды. Ол: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл жерден менен өткен кедей таппайсыз», - дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләй-

³³ Мұхаммед, 33



*«Жомарт — Аллаһқа, жәннатқа және
халыққа жақын, жәһәннамнан алыс.
Сараң — Аллаһтан, жәннаттан және
ел-жұрттан алыс, жәһәннамға жақын»
Хадис*

ни уәсәлләм) күлімсіреп: «Онда жанұяңа апар, өздерің жерсіндер», - дейді³⁴.

Рамазан айында ешбір себепсіз ораза ұстамау үлкен күнә. Сондықтан себепсіз ораза тұтпаған адамға осындай ауыр «кәффарат» жазасы белгіленген.

Рамазан айында оразаны бұзу себебіне қарай тек қазамен не қазамен қосып кәффаратты бірдей өтеу болып екіге бөлінеді.

Тек қана қазасын өтейтін жағдайлар.

1. Қателесіп, бір нәрсе ішіп-жеу. Мысалы: бір адам ораза екенін біле тұра дәрет алып жатқан кезде байқаусызда тамағына су кетіп қалса немесе қарды аузына салып, қателесіп тамағынан өтсе т.б. оразаны бұзады.

2. Тістерінің арасынан шыққан қан түкірікпен бірдей немесе одан көп болып тамақтан өтсе ораза бұзылады. Аз болса, бұзылмайды

3. Аузы берік адам өз қалауымен ауыз толтырып құсса, ораза бұзылады. Өйткені аз немесе көбі ішке қайта кетеді.

4. Ауыр жұмыста жүрген кезде ауырып қалу немесе өзіне бір зиян тиюінен қорқып оразасын бұзуы.

5. Ұмытып бір нәрсе ішіп-жеген кезде «оразам бұзылды» деген оймен ішіп-жеуді жалғастыру.

6. «Күн батты» деп жаңылысып, аузын ашса, бірақ күннің одан кейін батқанын білсе, оразасын бұзғаны үшін, тек қана қазасын өтейді. Сәресіде тамақ ішіп отырған кезде таң уақыты кірсе дереу аузындағысын шығарса, ораза бұзылмайды.

7. Түнде оразаға ниеттеніп, бірақ таңертең жолға шығып, жолда оразасын бұзатын болса.

8. Емдік мақсатпен ағзаға бір нәрсе жіберілсе

9. Мұрынға дәрі тамызылса.

Әрі қаза, әрі кәффарат қажет еттіретін жағдайлар

Бұлар екіге бөлінеді:

1. Себепсіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу. Мысалы: әдейі жеу, ішу, темекі шегу. Бірақ азықтар ауызда езіліп, жұтылмайтын болса, дәмі де

³⁴ Бухари, Саум 30; Муслим, Сиам 81; Абу Дауд, Саум 37

тамақтан өтпесе, ораза бұзылмайды. Сонымен қатар, біреуді ғайбаттағаны үшін қан алдырғаннан кейін немесе сүйіскеннен кейін ораза бұзылды деп ойлап, әдейі жеу де кәффаратты қажет қылады. Сол секілді аузындағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту кәффаратты қажет еттіреді. Тұз жеу де осындай. Бұл жайлы хазірет Әлидің риуаят еткен мына хадисі дәлел: «Ораза кірген нәрселерден ғана бұзылады, шыққаннан емес» яғни аузынан кірген нәрселерден бұзылады.

2. Аузы берік жанның зайыбымен жақындасуы. Мұның дәлелі Рамазанның күндізінде әйелімен жақындасқан бір адамның жағдайы Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) білдірілгенде, оған кәффарат үшін бір құл азат ету, оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан үзбей ораза ұстау керектігін яки оған да күші жетпесе алпыс жоқ-жітікті тойдыру қажеттілігін айтады³⁵. Екі ай ораза ұстауға шамасы жеткен адам жоқ-жітіктерді тойдыру мүмкіндігін кәффарат жолына пайдалана алмайды.

Ауызашарға асығу

Ақшам намазы кірген кезде аузы берік адамның оразасын ашуға асығуы – сүннет. Бұны Пайғамбарымыздың өзі «ауыз ашуға асығындар» деп ескерткен.



Ораза ұстаған адамға ауызды құрма не сумен ашу – сүннет. Әнас ибн Малик «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) намаз оқымай тұрып, бар болса бірнеше жас құрмамен ауыз ашатын. Егер жас құрма жоқ болса, кепкен құрмамен ашатын. Егер ол да жоқ болса сумен ашатын»³⁶, - дейді.

Ораза айында кешкісін әуелі ауыз ашқан жөн бе, жоқ әлде намаз оқыған абзал ма?

Егер ақшам намазы кірген болса әуелі сәл нәрсемен болса да ауыз ашып, іле намаз оқылады. Не тезірек тамақтанып алып барып намаз оқуға да болады. Алайда ораза кезінде түрлі тамақтар дайындалатындықтан ақшам намазына кешігіп қалу қаупі бар. Сондықтан намаз уақыты кірісімен оқып алған абзал.

³⁵ әш-Шәукани, IV, 214

³⁶ Әбу Дәуд, Саум, 45; Муслим, Сиам, 48; Тирмизи, Саум, 13



{اَللّٰهُمَّ لَكَ صُمْتُ وَ بِكَ اٰمَنْتُ
وَ عَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ وَ عَلٰى رِزْقِكَ
اَفْطَرْتُ وَ صَوْمَ الْغَدِ مِنْ شَهْرِ
رَمَضَانَ نَوَيْتُ فَاغْفِرْ لِيْ مَا
قَدَّمْتُ وَ مَا اَخَّرْتُ }

Ауызашар дұғасы

Дұғаның қабыл болатын кейбір сәттері болады. Соның бірі – ауызашар уақыты. Бұл жайында Пайғамбармыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Мына үш кісінің дұғасы қабыл: ораза ұстаған кісінің ауызашар сәтіндегі дұғасы, әділ имам (басшы) және жәбірленуші кісінің дұғасы»³⁷, - деген.

Ауызашарда мына дұғаны оқу - сүннет:

{اَللّٰهُمَّ لَكَ صُمْتُ وَ بِكَ اٰمَنْتُ وَ عَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ وَ عَلٰى رِزْقِكَ اَفْطَرْتُ وَ
صَوْمَ الْغَدِ مِنْ شَهْرِ رَمَضَانَ نَوَيْتُ فَاغْفِرْ لِيْ مَا قَدَّمْتُ وَ مَا اَخَّرْتُ }

Оқылуы: «Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә а'лайкә тәуәккәлту уә а'ала ризқикә әфтарту уә саумәл-ғади мин шәһри Рамадана нәуәйту, фәғфирли мә қаддамту уә мә аххарту».

«Иә, Аллаһ! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Өзің берген ризықпен ауыз аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел еттім. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келер күнеларымды кешіре гәр!».

Ауызашар берудің сауабынан құр қалмаңыз

Ораза ұстағандарға ауызашар берудің сауабы мол, әрі ол мұсылман баласына тән қонақ күту ғұрпы болып табылады. Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Ораза ұстаған

³⁷ Тирмизи, Даауат, 129, 130

кісіге ауыз аштырғанға ораза ұстаған кісінің сауабындай сауап жазылады. Бұдан ораза ұстаған кісінің сауабы кемімейді»³⁸, – дейді.

Аузы берік адамға бір құрма немесе зәйтүн тәрізді азық беру де ауыз аштырудың сауабына кенелтеді. Әсілі ауызашар беруді үлкен игілікті іс деп білген жөн. Хадистерде ауызашарға келген кісі дастархан басында отырған кезде үй иесіне періштелердің дұға ететіндігі айтылған. Бір хадисте былай делінген: *«Қияметте Аллаһ Тағала кей адамдардан: «Маған неге тамақ жегізбедің?», – деп сұрайды. Әлгі адам: «Сен барлық әлемдердің Иесісің ғой, мен саған қалайша тамақ бермекпін?», – дейді. Сонда Аллаһ Тағала: «Қарны ашып келген досыңа тамақ бермедің. Егер оған тамақ бергеніңде маған тамақ жегізгендей сауап алар едің»*³⁹, – дейді. Сонымен қатар Жұмақта майда тілділерге, басқаларға тамақ жегізгендерге және ел тегіс шырт ұйқыда жатқанда тұрып намаз оқығандар үшін арнайы берілетін керемет сарайлардың болатындығы да риуаяттарда кездеседі.

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Саад ибн Убадәның жанына келгенде, ол Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бір тілім нан мен зәйтүн ұсынды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ауыз тиіп болып: *«Дастарханыңыздан ораза ұстағандар дәм татсын. Астарыңызды ізгі кісілер жеп, періштелер сіздерге дұға етсін»*,⁴⁰ – деді.

Жора-жолдастарға дастархан жайып тамақ берудің артықшылығы жайлы хазірет Әли (р.а.): «Достарға жегізген бір нан пақырларға берген бес наннан артық. Достармен бірге тамақ жеу құл азат еткеннен сауапты» деген екен⁴¹.



³⁸ Тирмизи, Саум, 82; Ибн Мажа, Сиам, 40

³⁹ Мусли, Бирр уә Сыла, 43

⁴⁰ Нәуәуи, Риядус-салихин, 2, 517

⁴¹ С. Гүлер, Сору ве жевапларла оруд, Измир, 2005, 80-81-б.

ТАРАУИХ (ТАРАПА) НАМАЗЫ

Тарауих – «тынығу», «дем-алу», «рахаттану» деген мағыналарды білдіреді. Ол Рамазан айына ғана тән құптан намазынан кейін оқылатын 20 рәкаттық намаздың атауы. Тарауих намазы бекітілген – сүннет. Рамазан айында тарауих намазын оқу ислам рәмізіне жатады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайхи уә сәллам) бірнеше хадистерінде: *«Кімде-кім Рамазан намазын (тарауихты) шын көңілмен сауабын Аллаһтан күтіп оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі»*⁴², «Аллаһ рамазан айында ораза ұстауды парыз қылды. Мен сендерге рамазанның кештерінде намаз оқуды (тарауихты) сүннет қылдым. Кім Аллаһ Тағалаға шын көңілмен иман келтіріп, қарымын тек Аллаһтан ғана күтіп ораза ұстап, намаз оқыса (тарауихты) анасынан жаңа туғандай күнәлары кешіріледі»⁴³, – деп, мұсылмандарды Тарауих намазын оқуға құлшынтық. Пайғамбарымыз (саллаллаһу

***«Кімде-кім Рамазан
намазын (тарауихты)
шын көңілмен сауабын
Аллаһтан күтіп оқыса,
оның өткен күнәлары
кешіріледі»***

Хадис

⁴² Бұхари, Салатут-тарауих, 1; Мүслим, Салатут-мусафин, 174

⁴³ Нәсеи, Сиам, 40; Ибн Мажа, Иқама, 173



аләйһи уәсәлләм) әуелде бұл намазды жамағатпен оқыса да кейіннен парыз намазға баламасын деген сақтықпен жалғыз оқи бастаған⁴⁴. Тарауих намазы «алтын ғасырдан» (асрус-саада) бері мешіттерде жамағатпен оқылып келе жатқан сүннет.

Хазірет Омар (р.а.) ислам үмбетінің бірлігін қалыптастыру ниетімен тарауих намазын мешітте жамағатпен оқуды әмір еткен. Сахабалардың ешқайсысының қарсылық көрсетпеуі хазірет Омардың (р.а.) бұл ісінің жаңалық (бидғат) емес, Пайғамбарымыздан үйренген амал екенін көрсетеді. Тарауих намазы ханафи, шафиғи, ханбали мазһаптары бойынша 20 рәкат. Бұл алғашқы кезеңнен бері осылайша 20 рәкат ретінде өтеліп келеді. Ибн Аббастан жеткен хадисте Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тарауихты 20 рәкат оқығаны риуаят етілген. Сахабалар да бұны 20 рәкат етіп оқыған.

Тарауих намазы Рамазан айында оқылатын – сауабы мол ғибадат. Рамазан айы – Аллаһтың нәсерлетіп төгіп тұрған рақымынан құр қалмау үшін құлдарына сыйлаған мүмкіндігі. Бұл айда адам бет алды ішіп - жеуден тыйылып, Аллаһтың нығметтеріне шүкіршілік жасайды, Жаратушыны ұлықтап пәктейді. Тарауих рухқа азық беріп, пендені дүниенің қауырт тіршілігінен алшақтатып, рухына кең тыныс сыйлайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) исламның ең алғашқы азаншысы Біләлге: «Арихна иа Биләл» «Уа, Біләл! Азан шақырып, рухымызды бір сейілтші», – дейтін. Яғни Аллаһ Тағаланы толық түрде еске алдыратын жан дауасы намазға дайындық жасау дініміздің ең асыл ғибадаттарының бірі болып табылады.

Тарауих намазы – Ұлы Жаратушының өз рақымынан тарту еткен осы айға ғана тән ерекше құлшылық.



⁴⁴ Бухари, Салатут-тарауих,2; Мүслим, Салатуль-мусафирин,174

ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАЛАРЫ

Ораза ұстау – Аллаһ тағалаға қауышуды еске салады

Ораза ұстаған адамның әрбір сәті Аллаһпен қауышуды әрі Жаратушының нығметін түйсіну тұрғысынан аса маңызды. Таңның атысынан күннің батысына дейін түрлі қиындықтарға шыдап ораза ұстаған адам бұл ғибадатымның жемісін ақыретте көрем деп сенеді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Ораза ұстаған адамның екі қуанышты сәті бар, бірі ауызашар уақыты, екіншісі Раббысымен қауышатын сәт»*⁴⁵, - дейді.

Адам баласын періштелерден даралайтын негізгі ерекшеліктердің бірі – нәпсісінің болуы. Періштелерде нәпсі болмағандықтан олар ішіп-жемейді, үйленбейді, Аллаһ Тағаланың әміріне қарсы келмейді. Олардың басты міндеті – Аллаһты ұлықтау, пәктеу. Ала адам баласы ішіп-жеуге мұқтаж, кейде Жаратушының бұйрығына қарсылық білдіріп қателік жасайтын тұстары да кездеседі. Ораза тұтқан мүмин болса бұндай қателіктен бойын аулақ салып, таңның атысынан күннің батысына

⁴⁵ Бухари, Таухид, 35; Мұслим, Сиям, 164; Тирмизи, Сиям, 55; Нәсаи, Сиям, 41; Ибн Мажа, Сиям, 1; Ахмад ибн Ханбал, Мүснәд, 1/446; Дарими, Саум, 50

дейін тағамға, түрлі ғайбат сөзге және жамандыққа жоламай, тақуалығын арттыра түседі. Тіпті ол періштелерден жоғары деңгейге де жетуі бек мүмкін. Аллаһ тағала ондай құлдарын періштелерге үлгі етіп, мақтан тұтады.⁴⁶

Ораза нығметтердің қадірін білдіреді

Рахман Ие жер бетін сан мыңдаған нығметтерге толтырып, оны өзі сүйіп жаратқан адам баласының игілігіне ұсынды. Жаз, көктем, қыс және күз демей Аллаһтың нығметке толы дастарханы үнемі жайылуда. Өкініштісі, адамзат суда жүріп су қадірін білмеген балық тәрізді, көбіне осыншама көл-көсір нығметтің қадірін білмей жатады. Ал ораза тұтқан адам осы сансыз нығметтердің қадірін біліп, шынайы түрде шүкіршілік етеді.

Ораза адам рухын кемелдендіреді

Адам – тәнмен қатар рухқа да ие болмыс. Тәнінің материалдық нәрселерге қажеттілігі болғаны сияқты рухтың да кемелдену үшін қажеттіліктері бар. Адамның рухани жағын кемелдендіретін, ой-санасын жүйелендіретін, нәпсілік қалауларын тізгіндеуге себеп болып Жаратушымен байланысын арттыратын амал ол – құлшылық. Оразада осындай қасиеттердің бәрі кездеседі. Осы тұрғыда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «Әр нәрсенің бір зекеті бар. Тәннің зекеті ораза. Ал ораза – сабырдың жартысы»⁴⁷, - деген. Тағам тәнді азықтандырса, ораза рухты азықтандырады. Ешқандай тағам жемей өмір сүру қандай қиын болса,



⁴⁶ Мунзири, әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб, 2/99

⁴⁷ Тирмизи, Дауат, 86; Ибн Мажа, Сиям, 44

рухани жағынан алғанда ораза ұстамай өмір сүру де соншалықты қиын болмақ.

Сондықтан да адамның рухани жетілу тұрғысын мақсат еткен бүкіл діндерде ораза маңызды рөл атқарады. Адамзат баласын кемелдендіру мақсатында жіберілген пайғамбарлар да пайғамбарлық міндеті берілмес бұрын, ораза ұстау арқылы аса қиын міндетке дайындалған.

Сондықтан да Аллаһ тағала тарапынан парыз етілген ораза – дініміздің негізі әрі адам баласын тақуалыққа жетелейтін асыл жолы.

Ораза нәпсіні тізгіндейді

Пенде оразаның арқасында нәпсіні толықтай ауыздықтап, өзі де Ұлы Жаратушының алдында шынайы мойынсұнған тақуа құлға айналады. Ораза тұтқан кез-келген адам өзінің ораза ұстамаған бұрынғы бейғам күндеріне қарағанда тазалықты, пәктікті сезінеді. Яғни ораза тұтқанадамның рұқсатсыз еш нәрсеге, тіпті бір жұтым суға да

қол соза алмауы барлық нәрсенің иесі өзі емес, өзінің бар болғаны әлсіз құл екенін түсінуіне себепші болады. Осыдан барып ол өзінің барынша әлсіздігі мен мұқтаждығын сезініп, Аллаһтың рақымдылығына қарай бет түзейді.

Ораза күнәларға қарсы қалқан болумен қатар, оның жұмаққа кіруіне себепкер қасиетті қақпа, кәусар суын ұсынған адал дос бейнесінде болмақ. Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «*Уа, жастар!*

Араларыңыздан үйленуге жағдайлары барларыңыз үйленсін. Үйлену – көзді харамнан, бойды күнәдан сақтайды. Үйленуге жағдайы жетпегендер ораза



тұтсын. Себебі ораза ол үшін қалқан»⁴⁸, -деген.

Асқазанның әрдайым тоқ болуы адам ағзасындағы барлық мүшелердің қызметін арттырады, бұл болса өз кезегінде адамның түрлі нәпсілік қалауларын да оятып, тіпті азғындыққа да түрткілейді. Адам тіпті тілін де басқара алмайтын жағдайға жетеді. Бұл өз кезегінде оның ақыреті үшін де аса қауіпті. Ал тілді жүйелі басқарудың жолы нәпсінің қалауын тыю болса, бұның ораза тұту арқылы ғана жүзеге асатыны белгілі. Бұл жайында Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) айтқан мынандай хадистері бар: *«Араларыңыздан біріңіз ораза тұтқан болса ол екінші біреуге жаман сөз айтпасын, дауыс көтеріп айқайламасын. Егер ол біреумен сөзге келіп қалса «Мен оразамын» десін»⁴⁹. «Кімде-кім ауыз бекіте жүріп жаман қылықтарын қоймаса, оның оразасы бекер»⁵⁰.*

Оразаның ең кемел түрі – асқазанға ғана емес көз, құлақ, жүрек, қиял, ой секілді адамның рухани сезімдеріне де ораза ұстатқызу. Бұл адамның аталмыш ағзаларын да түрлі харамнан сақтап, өздеріне тән құлшылыққа бағыттау дегенді білдіреді. Ораза арқылы адамның ең маңызды ағзасы саналатын асқазанды бақылауға алсақ, өзге ағзаларды бағындыру ешбір қиындық туғызбайды.



Ораза сабырлы болуды үйретеді

Оразаның ең үлкен пайдаларының бірі – адамды сабырлы болуға үйретуі. Ауыз бекіту кісіні төзімділікке баулиды. Өйткені ол күні бойы қарны ашса да ештеңе жемейді, шөлдесе де су ішпейді, өзіне жамандық жасағандарға «Мен ауыз бекітіп жүрген адаммын» деп қана жауап қатады. Жүйкесі жұқарған

⁴⁸ Бухари, Саум, 10; Әбу Дәуд, Никah, 1; Нәсаи, Сиям, 43; Ибн Мажа, Никah, 1

⁴⁹ Бухари, Саум, 9; Нәсаи, Сиям, 42; Ахмад ибн Ханбал, Мүснәд, 2/273

⁵⁰ Бухари, Саум, 8

жан сабырсыз, шыдамсыз келеді. Ұрыс-керіс, төбелестің, қылмыстың көпшілігі тез ашуланудан, сабырсыздықтан туады. Бұл жөнінде хадис шәріпте «Ораза – сабырдың, сабыр болса – иманның жартысы»⁵¹ делінген.

Демек, оразаның иманнан туындайтыны аңғарылуда. Иманды жан иманының қуатына қарай қылмыс пен күнәдан бойын аулақ ұстайды. Жүйкесін жұқартпайды, ашуын ақылға жеңдіре алады. Ораза ұстап аш жүрген кезде нәпсі қозбайтындықтан, адамның сабыр сақтауы көп қиындық туғызбайды. Аяқ асты тап болатын түрлі қиындықтарға шыдамдылық танытуда оразаның берер пайдасы мол. Оразамен аштыққа, шөлге т.б. түрлі ауыртпашылықтарға шыдай алған адам тосын жағдаяттарға тап болғанда көп мұқала қоймайды. Ораза қиындықтарға шыдауға әбден

*«Бір-бірлерін жақсы көруде, бір-бірлеріне жаны ашуда,
бір-бірлеріне мейірімділік таныту тұрғысында
мұминдер тұтас бір ағза секілді. Дененің бір мүшесі
ауырса, басқа мүшелері қосыла сыздайды»*

Хадис

шыңдалған, нәпсісіне ие бола алатын, ақиқатты өмірлік ұстаным деп біліп, одан таймайтын сегіз қырлы, бір сырлы әмбебап кісілер тәрбиелеуде үлкен рөл ойнайды.

Ораза адамды реттілікке тәрбиелейді

Ауыз бекіткен мұмин реттілікке дағдылана бастайды. Белгілі уақытта ғана тамақтанып, қалған уақытта бұдан бойын аулақ салады. Ораза ұстап жүрген кездің өзінде намаздарына мұқият көңіл бөлуі, барша иманды кісілермен бір уақытты күтіп, сол уақытта сәреге тұру, тарауих намазын оқу т.б. бұлардың барлығы да оны реттілікке дағдыландыратын істер. Осыдан

⁵¹ Ибн Мажә, Сиям, 44

барып адам уақытын жақсы үнемдеуді үйреніп, реттілікпен жүйелілікті өмірінің басты ұстанымына айналдыра бастайды.

Ораза – қоғамдағы береке мен бірліктің ұйытқысы

Рамазан айында ораза ұстау арқылы адамдардың бір-бірімен аралас-құраластығы арта түседі. Барша мұсылмандардың бір уақытта ауыз бекітіп, ауыз ашар уақытын бірге күтулері, сәресіге тұрып, тарауих намазын жамағатпен оқуы, Қадір түнін қарсы алып, Айт мерекесін бірге атап өтуі т.б. бауырластықты нығайтып, мұсылмандарды өзара шынайы сүйіспеншілікке бастайтыны анық. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл жайында былай деген: *«Бір-бірлерін жақсы көруде, бір-бірлеріне жан ашуда, бір-бірлеріне мейірімділік таныту тұрғысында мұминдер тұтас бір ағза секілді. Дененің бір мүшесі ауырса, басқа мүшелері қосыла сыздайды»*⁵²

Пайғамбарымыздың терең мағыналы бұл хадисі мұминдердің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қоғамдағы бірлік пен татулықтың арта түсуіне үлес қосатындығының бірден-бір дәлелі болса керек.

Отбасы мүшелерінің түгелдей дастархан басында ауызашар уақытын күтуі, арадағы бауырмашылдықты нығайта түседі. Ислам дінінің бүкіл отбасы мүшелерін ауызашарда дастархан басына жинауының әрі бірге ауызашар уақытын күттіруінің астарындағы бір хикмет осы тәрізді. Ауызашар уақытты күту отбасы мүшелерін ғана емес, бірқатар қонақтар мен тамыртаныс, дос-жарандардың да арасындағы сүйіспеншілік пен бауырластықты арттырады.

Ораза кедейлердің жағдайын ұқтырады

Өмірі ішкені алдында, ішпегені артында ашығудың не екенін білмейтін, дәулеті асып-тасыған байлар үшін ораза екі күннің бірінде ашқұрсақ жүретін көңілі жарым жарлы-жақыбайлардың жағдайын ұқтырады. Аш жүрудің адамға қаншалықты ауыр

⁵² Бухари, Өдаб, 27; Муслим, Бирр, 66; Ахмад б. Ханбәл, Мүснәд, 4\270



екенін сезген бай кісілердің кедейлерге деген жанашырлық сезімі оянады. Ауқатты кісілер байлығының шүкіршілігін жасап, кедейлерге қол ұшын созған сайын кедейлердің де байларға деген қызғанышы, жеккөрушіліктері жойылып, араларында өзара нәзік бір татулық қалыптасады. Тіпті кедей кісі бай кісінің тілекшісіне айналады. Осы себепті ораза адамның жағдайы төмен кісілерге жанашырлықпен қарасуына себепкер болады. Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Көршісі аш кезде өзі тоқ болған адам бізден емес»,⁵³ деген хадисінің жөні бөлек.

Жүсіп пайғамбардан (а.с.) бірде: «Сен қалай ашығасың, қазынаның кілті қолыңда емес пе?», - дегенде, ол: «Қарным тоқ жүрсе, аштардың жағдайын ұмытып кетем бе деп қорқам», - деп жауап берген екен.

Бұның тағы бір хикметі мынада: жануарлар үнемі жеуден бас алмайды, адамның да жануарға ұқсап үнемі жемеуі үшін ауыз бекіту парыз қылынған. Сол себепті адам ораза ұстағанда жануарға тән әрі құмарлық сезімдеріне тежеу салады. Ораза шайтанның денедегі жолдарын бекітеді. Бұны Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бір хадисінде былай деп ұқтырған: «Еш күмәнсіз, шайтан адамның денесінде қан айналғандай айналып жүреді».

Шын мәнісінде адам ашыққанда барып аштықтың не екенін, шөлдегенде барып шөлдеудің не екенін түсіне бастайды.

⁵³ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд, 1\55

Осы тұрғыдан алғанда Аллаһ Тағаланың бұйрығын орындап, нәпсілік қалауымызды тежеуіміз әрі ораза ұстауымыз кемел қоғам құруымызға ықпал етуде.

Кәміл ораза ұстау

Ішіп-жеуден аулақ тұру – періштенің қасиеті. Ауыз бекітіп, астан тыйылған кезде адам періштеге ұқсап бағады. Бұдан да маңыздысы, адам оразаны Аллаһ Тағала бұйырғаны үшін ғана ұстайтындықтан Жаратушы Иеге барынша жақындай түседі. Ал, иманды кісінің ең үлкен мақсаты Аллаһтың разылығына қол жеткізу екені сөзсіз.

Ораза ұстау арқылы осындай мақсаттарға жету үшін көңіл бөлуге тиіс бірқатар жайттар бар. Ораза тұтастай ұсталынғаны жөн, яғни оны бұзатын жағдайлардан алыс болу керек. Кәміл ораза бүкіл мүшелердің тегіс атсалысуымен жүзеге асады. Мәселен: асқазанды астан тыю секілді, тілді өтірік өсектен, бос сөзден алыс ұстаған дұрыс. Көз харамға қарамауы тиіс, ешкімнің кемшілігін іздемеуі керек. Құлақ ғайбаттан, жағымсыз нәрселер естуден аулақ болғаны жөн. Руханияты терең кісілер жалған айтып, елдің арасына от салудың да оразаны бұзатындығын айтуда. Денедегі мүшелерін тегіс іске қоса алмаған жан сырттай ғана ораза ұстаған болғанмен, оның түпкі негізіне бойлай алмайды. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): *«Небір ораза ұстайтындар бар, бар тапқаны ашығу мен шөлдеу ғана»*⁵⁴, – деуі де осы шындықты ұқтыра түскендей.

Оразаның сауабын Аллаһ қана береді

Ұлы Жаратушы бір құдси хадисте: «Ораза тікелей Мен үшін жасалатын құлшылық, оның қайтарымыз Өзім беремін»,⁵⁵ – деп бұйырған.

Мұхиддини Араби: «Бұл сөз – иләхи сырлардың бірі, біз оның мәнін біле бермейміз. Сол себепті оразада рия жоқ», – деген.

⁵⁴ Ахмад б. Ханбәл, 2\44.

⁵⁵ Бухари, Саум, 2; Муслим, Сиям 152, Тирмизи, Саум 54; Нәсаи, Сиям 41; Ибн Мәжа, Сиям 1

Кез-келген ғибадат атқарылып жатқан уақытта сырттай көзге көрінеді. Алайда кімнің ораза ұстап жүргені сырттай байқалмайды. Бұның бір түсіндірмесі мынадай: қиямет күні борыштының намаз, зекет және қажылығынан алынады, бірақ оразаға келгенде Аллаһ «Жоқ, ораза мен үшін, бұдан бермеймін, ақынды кешірсең, саған жомарттық көрсетем» дейді.

«Ораза ұстағанды мен марапаттаймын» деуі Хақ Тағаланың өз жамалын құлдарға көруді нәсіп ететіндігінде.

Оразаның тағы бір хикметі Аллаһ тағаланың «Самад» сипатын аңартуында. Өйткені «Самад» сөзі мұңсыз, бүкіл пендешілік қасиеттерден аулақ дегенді білдіреді. Ораза ұстаған адам да белгілі уақыттарда ішпейді, жемейді, осы себепті Аллаһ оған ораза ұстауды бұйырды. Тоқтықтан шәһуат пен ғапылдық туса, аштықтан хикмет пен мағрипат туады. Ал хикметтің Аллаһтың жамалын тамашалауға жетелейтіні сөзсіз.



*«Таңнан, қара жіптен ақ
жіп (қараңғылықтан жарық)
ажыратылғанға дейін ішіңдер,
жеңдер, сосын оразаны кешке дейін
ұстаңдар»*

Бақара сүресі





ОРАЗАНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПАЙДАЛАРЫ

Ауыз бекітіп ораза ұстаудың денсаулық тұрғысынан да дәлелденген пайдалары көп. Айталық, ораза ем ретінде ішек ауруларына, іш қатуға қарсы қолданылады. Оразаның медициналық емдігінің қатарында кейбір тері ауруларының жақсаруы, асқазан мен ішек жұмысына тоқтау салып, олардың белгілі бір уақыт аралығында тынығуы қамтамасыз етіледі. Ораза адамның ішкі мүшелеріне жиналатын майларды ерітіп, метоболизмді жандандырады. Бүйрек, бауыр, қуық, сусамыр (қант диабеті), жүрек пен тамыр ауруларына қарсы төзімділікті арттырады. Ол үшін сәресі мен ауыз ашар уақыттарда тым көп ас жемеу керек. Оразаның пайдасы туралы батыстық зерттеушілерден Алекс Каррел былай дейді:

«Белгілі бір уақыт аралығында ашығу бауырдағы шекерлерді, тері астындағы май қыртыстарын, бұлшық ет, без, көк бауыр жасушаларындағы протеиндердің қимылын арттырады. Барлық мүшелер өз құрамы мен жүрек біртұтастығын қорғау үшін жанын салады. Міне, осылайша ораза тканьдарымызды тазалап, өзгертіп отырады».

Адамдағы шайтани әрі нәпсіқұмарлық сезімнің оянып қозуы жыныстық гормондардың әсер күші мен олардың мөлшеріне байланысты. Ораза аталмыш гормондардың қандағы мөлшерін азайтатындықтан ол адамдағы құмарлық сезімді басады.

Қан айналымын жақсартады



Ораза кезінде күндізгі уақыттарда қандағы холлестерин деңгейі төмендейді. Тамырдың жақтауларында бірігіп қалған ескі холлестерин, май қалдықтары бірте-бірте қан айналымына араласып, еріп, қаттылығын жоғалтады. Әсіресе, түстен кейін қан қысымы біраз төмендейтіндіктен, тамырлардағы қысымның азаюы себепті рахат күй кешу, демалу байқалады. Осыдан барып сол күннің ең бір қорқынышты ауруы «артериосклероз» (жүректің қысылуы және сал болу себептері) ораза мен дәреттің ортақ әсерімен жойылады. Жыл сайын ауыз бекітіп, ылғи да дәрет алып жүретін 300-дей қарт кісіге жүргізілген зерттеуде оларда титтей де болса артериосклероз кінәраты кездеспеген әрі жас мөлшері 65-тен асса да қан қысымы 12-ден аспаған.

Жүрекке келсек, жүректің үстінде оған кері әсер ететін үш жақ бар: тамырдың қаттылығы, жүйкенің шаршауы, асқазанға ылғи да қысым түсетіндігі. Ораза ұстаған адам осының үшеуінен де зиян шекпейді. Дененің химиялық үрдістері ең алдымен қанда өтеді. Әр түрлі қоректік заттар мен қорғану заттары, тыныстау алдымен белгілі бір қан деңгейінде қайталанып отырады. Бұл заттар қоюланған сайын дене де соған сай белсенді әрекетке көшеді. Ауыз бекіткен адамдарда бұл заттар қатары көбеймейді. Оның ең төменгі деңгейде қалуы қандағы химиялық процестердің оңай жүруін қамтамасыз етеді. Әлсіздігін алға тартып, ораза ұстамағандар өздеріндегі сол әлсіздікке ораза тұтпағандықтары себеп болып жатқанын біле бермейді. Өйткені, әлжуаз адамдардың қанындағы химиялық процестер тепе-теңдік сақтауда қауқарсыздық танытады.

Ас қорытуды жеңілдетеді

Шыр етіп дүниеге келгеннен тіршіліктегі дәм-тұзы таусылып өлгенге дейінгі аралықта дамылсыз жұмыс істейтін асқазан оразаның арқасында орташа есеппен күніне төрт сағат тынығады. Бұл оның өзіндегі кем-кетік жағын қайта

дұрыстауына мүмкіндік туғызады. Ораза бауырдың жақсаруына тікелей әсер етеді. Дененің түрлі бөлігінде бауыр жүздеген міндет атқарады. Өтке май сіңіртуден бастап, ауруларға қарсы тұратын заттарды өндіретін барлық істерді, түптеп келгенде, денедегі барлық химиялық жағдаяттар бауырдың ішінде өтеді. Бауыр өте сирек ауырады, бірақ, міндеті көбейіп ауырлаған сайын өз қызметінде ақау сездіреді. Бүгінгі таңда дамыған медицина көптеген аурулардың басталу себебі, яғни дененің ауруға қарсы тұру иммунитетінің әлсіреуі негізінен бауырға күш түсу деп білуде. Ораза болса, бауырдың күн сайын үш-төрт сағат тынығуын қамтамасыз етеді. Бұл бауыр қызметін тұтастай өзгертпегенімен оған шек қоя отырып, баяу жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Осылайша басқа мүшелер секілді бауыр да ораза кезінде тынығып, бір түлеп жаңарады. Дененің қорғану, қан химиясы және ас қорыту мүшесінің қызметі жақсара түседі. Оразаның тән саулығына тигізер игі ықпалы міне осындай⁵⁶.

Даналықтың даңғыл жолы

Мұхаммед ибн әл Ямән оразаның маңыздылығын былай деп түсіндіруде:

«Алты кісіден алты нәрсе сұрадым, бірақ, бір қызығы, барлығы да осы алты сұрағыма бірдей жауап берді. Дәрігерлерден ең жақсы емнің не екенін сұрадым. Олар: «Ең жақсы шипа ашығу не аз тамақтану», – деді. Ойшылдардан даналыққа жету үшін не істеу керектігін сұрадым. Олар: «Ашығу не аз тамақтану», – деді. Құдайға жақын тақуа құлдардан: «Құлшылық үшін ең жақсы нәрсе не?», — деп сұрадым. Олар: «Ашығу не аз тамақтану», – деп жауап берді. Білімпаздардан: «Ілімді жақсы есте сақтаудың жолы қандай?», – дедім. Олар: «Ашығу және аз ұйықтау», – деді. Патшалардан ең ләззатты тамақты сұрадым. Олар: «Ашығу не аз тамақтану», – деді. Хаққа ғашық жандардан: «Адамды Ұлы Сүйіктісіне не жеткізеді?», – деп сұрадым. Олар да: «Ашығу не аз тамақтану», – деп жауап берді.

⁵⁶ С.Сених. Құлшылық құпиясы. Б. 96. (Ауд: Қ.Бағашар)

*«Кімде-кім сауабын тек қана
Аллаһтан күтіп,
ықыласпен сол
түнді ғибадат
жасаумен
өткізсе, күнәлары
кешіріледі»*

Хадис

ҚАДІР ТҮНІН ҚАДІР ТҮТ

Қадір түні – бүкіл адамзатқа Құран түсе бастаған ерекше қасиетті түн. Араб тіліндегі «қадр» сөзі «мән-маңыз» және «өлшем» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз «құдірет» мағынасын да қамтиды.

Қадір түнінің қасиетін жұмыр басты пенде өз ақылымен біле алмайды. Сондықтан оның қадір - қасиетін Жаратушымыздың өзі «Қадір» сүресінде:

«1. Біз Оны (Құранды) Қадір түні түсірдік. 2. Қадір түнінің не екенін білесің бе? (Аллаһ Тағала білдірмесе) қайдан білесің? 3. Қадір түні мың айдан да артық. 4. Ол түні Аллаһтың рұқсатымен кез-келген іс үшін Рух пен періштелер түседі 5. (әсіресе ол түнді ғибадатпен өткізгендер үшін) таң атқанға дейін Аллаһтың рақымы мен есендігі жауады»⁵⁷, - деп баяндайды.

⁵⁷ Қадір сүресі, 1-5

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Аллаһ Қадір түнін үмбетіме сый ретінде тарту етті, бұл бұрынғы үмбеттерге берілмеген» деп, бұл сыйдың қадірін білуге шақырады. Тағы бір хадисінде: «Кімде-кім сауабын тек қана Аллаһтан күтіп, ықыласпен сол түнді ғибадат жасаумен өткізсе, күнелары кешіріледі»,⁵⁸ – дейді. Сондықтан мүмкіндігінше әрбір пенде Қадір түнінде берілетін сыйдан мақұрым қалмауға тырысу керек. Ол түнді бос өткізбей дәрет алып, екі бас болса да намаз оқып, Аллаһ Тағаланың шексіз мейірімінен шын жүректен сұрап, дұға еткен жөн.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, Ережеп айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде отыз мыңға дейін жетеді», – деген.

Тағы бір хадисте: «Рамазан айы бойынша ақшам және таң намазын жамағатпен оқыған адам Қадір түнінен көп несібе алады», – деген.

Қадір түні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үмбетіне деген терең сүйіспеншілігінен туындаған дұғасының құрметі үшін қабыл болған. Имам Маликтің «Муатта» атты еңбегінде риуаят еткен бір хадисте Пайғамбарымызға (саллаһу алайһи уәсәлләм) алдыңғы үмбеттердің өмірлері көрсетілгендігі айтылған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сол сәт: «Ұзақ өмір сүрген осы үмбеттер жасай алмайтындай амалдарды менің үмбетіме аз уақытта жасай алуды нәсіп ете гөр» деп дұға жасағанда, Аллаһ Тағаланың мың айдан қайырлы осы Қадір түнін нәсіп еткендігі баяндалған. (Қадір түні мың айға тең деп Құранда айтылған бұл сан есеп бойынша 83 жыл, 4 айға тең келуде).

Бірде Айша анамыз Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер Қадір түніне жетсем қандай дұға оқиын?», – деп сұрағанда, Ол: «Аллаһумма, иннәкә афуун, тұхиббул афуа, фаафу анни» (Уа, Аллаһ! Сен тым кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, мені де кешіре гөр!) деп дұға ету керектігін үйреткен.

⁵⁸ Бухари, Салатут-тарауих, 1; Муслим, Салатул-мусафирин, 174

Қияметте Аллаһ Тағала хикметімен емес құдіретімен амал етеді. Сол сияқты Қадір түнінде де Аллаһ Тағаланың құдіреті үстем болады. Ол түннің қадірін білгендерге Аллаһтың мейірімі мен берекесі жауады, ал одан құр қалмау адамның рухани сергектігіне байланысты.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үйреткендей, мұсылман баласы әрбір ісіне өзіне берілген ең соңғы мүмкіндік секілді қарай білуі керек. Сол себепті Қадір түнін енді көрем бе, көрмеймін бе дегендей өте бір мұқияттылықпен өткізгені жөн.

Құдіреті шексіз Раббымыз үмбетіне рақымдылық қалағандықтан Қадір түні Рамазан айының қай түні екенін ашық айтпаған. Бұл сынақ әлемінде мүміндер ұдайы Аллаһтың разылығын іздеп, құлшылық жасасын деген мақсатпен Жаратқан иеміз бұдан да басқа өте маңызды нәрселерді құпия қылған. Мәселен, өмірдегі ажал белгісіз, адамдар арасындағы әулиелер белгісіз, көркем есімдерінің арасында Аллаһтың ұлық есімдері белгісіз, жұма күнгі дұғаның қабыл болатын уақыты белгісіз, күллі құлшылықтың ішінде Аллаһтың разылығы қайсысында екені, дәуірлердің ішінде қияметтің қашан екені, Рамазан айында Қадір түнінің қай түн екені белгісіз. Сонымен қатар Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл түннің Рамазанның соңғы он не жеті күніндегі (21,23,25,27) тақ түндердің бірінде екенін айтқан. Алайда ислам ғұламаларының көпшілігі оның 27 түні екендігін мақұлдаған әрі бүкіл мұсылман әлемі бұны осылайша қабылдаған. Әрине бүкіл жұртшылық осылай сеніп, осылай қабыл еткен болса, Аллаһ тағала да миллиондаған құлдарының ниетін қабыл етіп, ол түнді шын мәнісіндегі қадір түні етер, иншаллаһ.

Арабшадағы «Қадр» сөзі қадірін білу деген мағынаны да қамтиды. Олай болса қадірім артсын десеңіз, сол түннің қадірін біліңіз. Ол түні таң ағарып атқанға дейін Аллаһ Тағаланың мейірімі төгіліп тұрады.



«Малдарыңды зекет
беру арқылы қорғаң-
дар, ауруларыңды
садақа беру арқылы
емдеңдер, тілейтін
дұғаларыңмен бастары-
ңа келетін пәлелерден
қорғаныңдар»

Хадис



ПІТІР САДАҚАСЫ

Пітір садақасы – адам болып жаратылғанымызға шүкіршілік ету және мол сауапқа кенелу мақсатында берілетін Рамазан айына тән садақа.

Шарттары: мұсылман болу, еркін болуы және нисап мөлшеріндегі байлыққа ие (85 г. алтын) болу. Пітір садақасы дүние - мүліктің емес жан басының садақасы болғандықтан, зекеттегі сияқты негізгі қажеттілігінен артық дүние - мүлікке бір жыл толуы шарт емес. Пітір садақасы Ораза айт күні таң атысымен уәжіп болғанымен, оны Рамазан айы басталысымен алғашқы күннен бастап-ақ беруге де болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс.

Түрлі себептермен аталмыш мерзімнен қанша кешіктірілсе де, пітір садақасы міндетті түрде берілуі тиіс. Пітір садақасы зекет берілетін адамдарға беріледі. Пітір садақасын берерде ниет ету керек. Бірақ пітір садақасын берген кісіге оның садақа екенін айту қажет емес. Пітір садақасын ілім жолындағы студенттерге беру де үлкен сауап.

Пітірдің мөлшері:

1. Бидай немесе бидай ұнының уәжіп мөлшері – 1 кг 459 грамм немесе осының құны.
2. Арпа немесе арпа ұнының уәжіп болған мөлшері – 2 кг 918 грамм немесе осының құны.
3. Кепкен жүзімнің уәжіп болған мөлшері – 2 кг 918 грамм немесе осының құны⁵⁹.

⁵⁹ Ислам ғылымхалы, Алматы.

РАМАЗАН – ЖОМАРТТЫҚ АЙЫ

Рамазан – бүкіл нығметтердің шынайы иесі Аллаһ екенін терең ұғындырып, адам бойындағы жомарттық сезімін арттыратын берекелі ай. Осы берекелі айда жанашырлық көп жасалады, зекет те көбіне ораза айында беріледі.

ҰлыЖаратушымызҚұранда: **«Аллаһтың кеңшілігінен өздеріне берілген нәрселерінде сараңдық еткендер, бұны өздері үшін қайырлы деп ойламасын. Жоқ, бұл оларға жамандық әкеледі. Сараңдық еткен нәрселері қиямет күні олардың мойнына оралады. Көктер мен жердің мұрасы Аллаһтікі. Аллаһ тағала сендердің істегендеріңнен толық хабардар»,⁶⁰** – деп, біздерге ескерту жасауда.

Ардақты елші (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): **«Малдарыңды зекет беру арқылы қорғаңдар, ауруларыңды садақа беру арқылы емдеңдер, тілейтін дұғаларыңмен бастарыңа келетін пәлелерден қорғаныңдар»,⁶¹** – деген.

Зекет әрі осы дүниеде, әрі ақыретте Аллаһтың мейіріміне бөленуге себепкер. Зекет берілген қоғамда адам ғана емес, басқа да жаратылыстар Аллаһтың рақымдылығына кенеледі. Ал зекет берілмеген жағдайда адам баласы құрғақшылыққа ұшырайды. Бұны тек басқа

⁶⁰ Әли Имран, 180

⁶¹ Кашфул-хафаа, 1/361

жаратылыстардың болуы ғана бөгейді. Бұл турасында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Зекет бермеген қауымдарды Аллаһ Тағала міндетті түрде жоқшылық пен аштыққа ұшыратады», «Байлықтарының зекетін бермесе, көк жаңбырынан құр қалады. Жан-жануар болмағанда олардың үстіне жаңбыр жаумас еді», – деп ескертен.

Рамазан айы келгенде Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ерекше жомарт мінез танытатындығы жайлы Абдуллаһ ибн Аббас былай деген: «Аллаһтың елшісі адамдардың ең жомарты еді. Ораза айында Жебірейілмен бірге болған кезде қолындағысын тегіс таратын. Жебірейіл әр түні келіп, Оған Құран үйрететін. Жебірейілдің өзі «Аллаһтың елшісі берекет әкелуші желден де жомарт»⁶² деп мадақтаған».

Негізі зекет пен садақаның қай қайсысы да бай мен кедейдің арасын жарастырумен қатар мәрт адамды шынайы жомарттық егесі Аллаһ тағалаға жақындатады. Хақ жаршысы Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Жомарт – Аллаһқа, жаннатқа және халыққа жақын, жаһаннамнан алыс. Сараң – Аллаһтан, жаннаттан және ел-жұрттан алыс, жаһаннамға жақын»⁶³, – деп, жомарттықтың сыйы жәннат екенін айтқан.

Рамазан айы – жаннатқа жету жолдарын жеңілдету үшін берілген керемет мүмкіндік.

Шәууәл айында алты күн ораза ұстау

«Шәууәл» – Рамазаннан кейін келетін айдың атауы. Шәууәл айының оразасын сол айдың ішінде кез-келген күні ұстауға болады. Оны қатарынан үзбей немесе күндерін үзіп-үзіп ұстауға да болады. Бірақ айт өтісімен кезекпен толықтай ұстау – абзал. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Кімде-кім Рамазанды оразамен өткізіп, бұдан кейінгі шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, жыл бойы ораза ұстағанмен бірдей»,⁶⁴ – деп, осы оразаның артықшылығын бөлекше атап көрсеткен.

⁶² Муслим, Фәдәил, 12

⁶³ Тирмизи, Бирр, 40

⁶⁴ Ибн Мажә, Сиам, 33.

Ауызашар



Көптен бері кездеспеген досымен ойда-жоқта базарда ұшырасты. Қасына әйелін ерткен Ғалымжан саудагерден құрма сатып алып тұр екен. Қолында аузы мұрнынан шыға тыңқиған екі сөмкесі бар. Асанды көргенде сәл аңтарылып қалды да, лезде қуанып ол да құшағын жайып амандаса кетті. Үшеуі қал-жағдай сұрасып қауқылдасып қалды.

- Иә, қайдан сөмкелеріңді арқалап?
- Оразаға дайындық қой, қонақтарды ауызашарға шақырсақ па деп едік..
- А-а, ауыз бекіткен екенсіңдер ғой.
- Иә, өзің ше?
- Шынымды айтсам, сол менің ойыма да келмепті. Оның үстіне жұмысбастылық дегендей.
- Е-е, мен де басында жұмысыма кедергі келтірер деп қорқақтап едім, сөйтсем оным бекер екен. Жарайды, былай істейік, кездеспегелі көп болды. Жол үсті әңгімелесіп тұрғанымыз жараспас. Сен одан да кешкісін үйге ауызашарға кел. Қонағым бол.

Бірақ Асан дереу тартынды:

- Мен қайтіп барам? Өзім ораза ұстамай, ораза ұстағандардың тамағын қалай жеймін. Қой, басқа уақытта барайын.
- Жоқ,-деп оған Ғалымжан көнер болмады,-қайткенде де келесің, қонағым боласың. Екеуміз күнде кездесе бермейміз,-деп тұрып алды.

Асан амалсыз баратын болып келісті. Бірақ іштей өзін жайсыз сезініп әлек. Қап, ыңғайсыз болмас па екен. Жоқ, үйден тамақтанып барып, ол жерде асқа қол созбай жай ғана отырғаным жөн бе? Бірақ оған досы көне қоя ма? Бірге оқыған, бірге әскерде болған досының мінезі өзіне сыралғы. Шаңырағына бас сұққан адамды қайткенде де көңіліндегідей күтпей жібермейді. Намазға жығылғалы баяғы сырамен сыйлайтын әдетін дереу тастаған. Қап, ойда-жоқта досының үйіне ауызашарға баратыны қызық болды бәрінен.

Өне-міне дегенше кеш те таяп, Асан өзіне таныс үйге беттеді. Бірақ әлі де көңілі қобалжулы. Бұрын-соңды ауызашарға барып көрмегендіктен ол жердегі отырысты біртүрлі елестете алар емес.

Сыртқы есік ашық тұр. Босағадағы әртүрлі аяқкиімдер келген қонақтардыкі екенін аңғартуда. Есіктен басын сұғар-сұқпас досы бұны ақжарқын пейілмен қуана қарсы алды. Сырт киімін іліп, дереу төргі бөлмеге бастады. Іште төрге қарай созылған кең дастархан көздің жауын алатын не түрлі дәмге толып тұр. Қонақтармен қол алысып амандасып, өзіне көрсетілген орынға отырды. Таныстық басталғанда ең әуелі таңғалғаны келген қонақтардың түрлі мамандық иелері екендігі болды. Бәрі де жұмыстағы кісілер. Төрде отырған жасы үлкен кісі сотта істейтіндігін айтты. Әйелі дәрігер екен. Ал бергі екеуі банкта істейтіндіктерін айтты. Мұғалім, журналист, әкімдікте істейтін қызметкерлер де отырды. Өңгіме ораза жайында өрбіді. Жасы үлкен кісі әңгімесін:- Қазақ «Оразалымен оттас бол, имандымен жолдас бол» дейді, өз басым ораза ұстай бастағаным 3-4-ақ жылдың жүзі болды,- деп бастады. – Апам марқұм менің бала күнімде жазда ораза ұстағаны есімде. Күн ұзақ. Уақыт өте қоймайды. Ораза ұстағанымды ешкімге айтушы болмаңдар деп қоятын. Біз ол кезде ойын баласы болғандықтан ештеңенің байыбына бармаппыз. Кейін білдік, сол кездерде барынша жасырып ораза ұстаған екен ғой жарықтық. Сол кездегі Құдайсыздардың қысымына, күннің ұзақтығына, кәрілігіне қарамастан қысы-жазы оразасын үзбеген сол кісілердің иманы мен шыдамдылығы не деген мықты болған десейші. Біз тек енді-енді ғана бет бұрдық. Қайбір жылы жаңа жыл мен ораза қатар келіп, қылмыс атаулының сол жолы күрт азайғаны есімде.

Оның сөзін әйелі іліп әкетті:- Мен отағасына ораза ұстаңыз деп айтып келе жатқалы қашан. Оразаның қасиетін енді-енді ғана өзі сезіп келеді. Көненің білгірлері дәрі ішкенше екі-үш күн ашыққанды жөн көреді екен. Советтік кезде «Ораза, намаз - тоқтықта» деп ысырып сөйлеп мән бермей келдік қой, негізі ораза ұстау үшін тоқ болу міндетті емес. Өмір бойы қара су мен қара құрманы талғажу етіп жұпыны өмір сүрген Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тоқтықтан ораза ұстады ғой дейсіз бе?! Қайта аурудың көбі асқазанға дамыл бермеуден, тоқтықтан, дұрыс тамақтанбаудан туады. Мәселен, ислам дініндегі тамақтану әдебі қандай керемет! «Ашықпай тұрып дастарханға отырма, аса тойынбастан түрегел», «Тамақтанғанда асқазанды үшке бөліңіздер: ауаға, суға, асқа», «Тамақты сәл суытып, ал суды отырып ішіңіздер» деген Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) хадистері мәдениеттілікпен қоса денсаулық тұрғысынан да өте пайдалы. Пайғамбарымыздың кезінде сырттан Мәдинаға келген бір дәрігер ел ішінен емдерге ауру адам таппай дал болыпты. Сөйтсе сахабаларымыз тамақтанғанда, осы жайттарды берік ұстанады екен. Қазіргі медицина да расымен осыны айтуда.

Өңгіменің желісімен мұғалім кісі қажылыққа барғанда құрма жайлы естіген біраз қызықты мәліметтерін айтты. «Жаңа сіз айтып өткен бұл құрманы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жақсы көрген. Құрма өзі бірнеше түрге бөлінеді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) әсіресе «барни» деген ең сапалысын ұнатып, сахабаларын құрма, зәйтүн секілді жеміс ағаштарын егуге, баптап, күтуге шақырған. Осы құрма секілді жемістерді сол кезде адамдар бір-біріне сыйлыққа да жібереді екен. Айша анамыз әркез Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бал шәрбаті мен құрма шырынын жасап берген. Кеудесі яки жүрегі ауырған сахабасын Тайыфтағы дәрігерге жолдап тұрып Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уәсәллаһ) «Мәдинадағы «Ажуа» құрмасының жетеуін дәнімен қоса езіп, кеудеңе жақсын, шипасы мол, ол бұны жақсы біледі» деп құрманың емдік қасиетін түсіндірген. Өзі жас құрмамен не сумен ауыз ашқан. Жаңа туылған сәбилердің таңдайына осы құрмадан жағып, дұға жасаған екен. «Кешкі асты тастамаңдар, ештеңе

таппасаңдар, тым болмаса бір уыс құрма жеңдер» деп, құрманың тойымдылық қасиетіне де көңіл аудартқан. Құрма ағашы үнемі жасыл түсін сақтап, жемісі, жапырағы, бұтағымен қоса барлық нәрсесі кәдеге асатын болғандықтан, оның берекетін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) мүминнің берекетіне ұқсатып, мұсылман адам да осы құрма тәрізді маңайына өте пайдалы десе керек».

Одан кейінгі әңгімелерде халықтың ұлттық негізге оралуы, рухани тазалық, имандылық, ата-баба дініне құрмет, ауызашар берудің ел ішінде игі дәстүрге айналып келе жатқаны, тағы біраз оң бетбұрыстар сөз етілді.

Асан тек құлақ салып тыңдаумен болды. Айтылғандардың барлығы да жанға жағымды, көкейге қонымды-ақ. Мынандай мәнді отырысқа келгеніне іштей қуанды, бұндай жайттарға өзінің бұрын-соңды қалай мән бермей келгеніне таңғалды. Оған отырғандардың уақыт кіргенін күтіп, бір мезгілде дұға оқып құрмамен ауыз ашуы, әр тағамды жаңа қолға алғандай аса бір тәбетпен жеуі, үлкен-кіші демей, лауазымына да қарамастан бір-біріне ізет білдіруі, дастархан үстіндегі дәмді ас пен қатар айтылған тұшымды әңгімелер, үй иелерінің ілтипат-ықыласы, қонақтарын шығарып салып қайта-қайта қимай қоштасқаны - бәрі де ерекше әсер етті. Ораза адамдардың бір-біріне деген бауырластығын арттыратындай. Ораза дастархандағы несібелерге құрметпен қарауды ұқтыратындай. Ораза адам жанын тазартып, керемет рухани ләззат сыйлайтындай!

Кетерде мешітте таратылды деп Ғалымжан берген ораза жайлы шағын кітапшаны үйіне жетіп оқығанша асықты. Үйге келісімен ең әуелгі ісі бас алмай жаңағы кітапшаны оқып шығу болды. Оразаның денсаулыққа пайдасы өз алдына, оның Құдай сүйген теңдессіз құлшылық екеніне, сауабының молдығы жайлы көптеген мәліметтерге қанықты. Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерін көңіліне тоқыған сайын қасиетті Рамазан айының бастапқы күндерін өткізіп алғанына іштей өкінгендей болды, бірақ оразаның қалған сауабынан құр қалғысы келмеді.

Жатарда «Иә, Аллаһ, ертең ораза ұстасам деген ниетімді қабыл ала гөр!» деп күбірлеген күйі ұялы телефонының сағатын мұқият түрде сәресі уақытына қойды...

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халифа Алтай, Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі, Сауд Арабия, 1991.
2. Ахмад ибн Ханбал. Муснад. Египет, 1949.
3. Әбу Дәууд. Сулейман ибн әс-Сижистани. Сунан. Египет, т.
4. Бухари, Әбу Абдиллаһ Мухаммед ибн Исмайыл. Әл-Жамиус-Сахих, Станбул, 1907.
5. Дарими, Әбу Мухаммәд ибн Абдуррахмман. Сүнән, Египет, т.
6. Ибн Мажә. Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Иазид. Сунан. 1952.
7. Малик ибн Әнас. Муатта. Египет, 1951.
8. Муслим. Әбул Хұсәйн ибн Хажжаж. Сахих. Станбул, 1973.
9. Нәсаии, Әбу Абдрахман ибн Шуаиб. Сунан. Египет, т.
10. Ислам ғылымхалы. М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы. А., «Алтын қалам», 2006.
11. «Рамазан - жарылқау айы» кітапша. Алматы- 2008, «Алтын қалам» баспасы.



РАМАЗАН – *мұң шашқан ай*

Рамазан – жыл он екі айдың төресі.

Рамазан – сауапты ай.

Рамазан – Жаратқанның мұсылман жұртына
жасаған ұлы тартуы.

Рамазан – айлардың ең қайырлысы, уақыттың
ең қасиеттісі де киелісі.

Рамазан – ақ пен қараны ажыратып, тура жолды
көрсетуші «Құран» атты ұлық пәрмен
жерге түсе бастаған мүбәрак ай.

Рамазан – құлдың шын ықыласпен тәубаға
келіп, Ұлы Жаратушысына қайта бет
бұру заманы.

Рамазан – Хақ Тағаланың мейірім-шарапаты
ерекше асып-тасатын айрықша ай.

Рамазан – пенделік қылықтардан мейлінше
арылып, рухани барынша кемелде-
ніп, ішіп-жеуден уақытша болса да
тыйылып, «періштеге» ұқсап бағудың
табылмас сәті.

тел.: 8(727) 245-60-97



www.kokzhiyek.kz

